

Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктердегі байқау кеңестерінің мүшелігіне үміткерлерден сынақ алу реті

Қаулы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 23 шілде N 512 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 қарашада N 228 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық серіктестіктердегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін және үлестерін басқаруды реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 мамырдағы N 607 Р960607_ Қаулысына сай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қабылдаған, Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссия туралы 1996 жылғы 11 маусымдағы N 407 Ережесінің негізінде, мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктердегі Байқау Кеңестерінің мүшелігіне үміткерлерден сынақ алынады.

1. Сынақ алуға: заң, қаржы-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық мәселелер, сондай-ақ мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктердің қызмет етуімен байланысты мәселелер және атап айтқанда:

- шаруашылық серіктестіктердің құрылуының, қызметінің, қайта ұйымдастырылуы және таратылуының, оларды мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркелуінің заңды негіздері;

- шаруашылық серіктестіктердің түрлері және олардың негізгі сипаттамалары;

- корпоративтік басқарудың заңдық жақтары, акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың ерекшеліктері; - бағалы қағаздар нарығын ұйымдастыру және оның қызметі негіздері; - мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендірудің заңдық жақтары; - мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендірудің экономикалық жақтары (құнын бағалау әдістері ескеріліп); - кәсіпорындарды жекешелендіру кезіндегі еңбек қатынастары мәселелері; - азаматтық құқықтың негізгі ережелері; - Қазақстан Республикасында жекешелендірудің барысын реттестіретін негізгі қалыптағы құжаттар; - Шетел субъектілерінің Қазақстан Республикасының шаруашылық қызметіне қатысу принциптері; - шаруашылық серіктестіктердегі бухгалтерлік есеп және қаржы-қаражат; - кәсіпорындарды бизнестік жоспарлау және маркетингтік талдау; - кәсіпорынды қайта құрылымдаудың негізгі элементтері; - Байқау Кеңесінің мақсаты мен қызметі кіреді.

2. Мына талаптарға сай келгендерден сынақ алынуы мүмкін: - 25 жастан кіші болмауы керек; - жоғары білімі бар; - Байқау Кеңестерінің мүшелігіне үміткерлердің толтырған өтінімдері бар; - емтихан ақысын енгізген (20-тармақты қараңыз).

3. Құрамында төрағасы және кем дегенде екі мүшесі бар аттестациялық комиссияны Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және

олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссия тағайындайды.

4. Сынақ алудағы ұйымдастыру дайындықтарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің тиісті бөлімшесі жүзеге асырады.

5. Сынақ алу емтихан билеттері арқылы жазбаша түрде өткізіледі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің тиісті бөлімшесі аттестация билеттерінің тізімін және мазмұнын даярлап жүзеге асырады.

6. Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссия аттестация билеттерінің тізімі мен мазмұнын бекітеді және олар аттестациялық комиссияға сынақ алатын күні тапсырылады.

7. Сынақ алу жабық негізде жүргізіледі. Сынақ алу кезінде қандай да болмасын оқу құралдарын немесе материалдарды пайдалануға тиым салынады.

8. Аттестациялық билеттерге 5 сұрақ кіргізілген. Емтихан билетінің әрбір сұрағы 4 баллмен бағаланады: 1 балл-қанағаттанарлықсыз, 2 балл - қанағаттанарлық, 3 балл - жақсы, 4 балл - өте жақсы баға. 9. Егер сынаққа түскен адам оның қорытындысында 5 сұрақтан кем дегенде 15 балл жинаса, ол сынақтан табыспен өткен болып есептеледі.

10. Сынақ алу үстіміздегі жылдың әрбір тоқсанының соңғы айының 1-жұлдызынан кешікпей тұрақты негізде өткізіледі. 11. Сынақ алуға жібергендердің тізімі сынақтың белгіленген мерзіміне дейін 7 күн ішінде жабылады. 12. Аттестациялық комиссия 10-тармақта айтылған баллдық жүйе бойынша жазбаша сынақ алудың нәтижелерін бағалайды және сынақтың хаттамасын жасайды. 13. Сынақ алу хаттамасына кіретіндер: - аттестация билеттерінің бір данасы; - аттестация комиссиясының барлық мүшесі қол қойған, емтихан тапсырушы барлық адамдардың жазбаша жауаптары бар парақтары; - сынақ алынатын адамдардың жалпы тізімі. 14. Хаттамаға аттестациялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

15. Аттестациялық комиссия сынақтың хаттамасын Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссия төрағасына жібереді.

16. Мемлекет қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерде байқау кеңестерін құру және олардың қызметін бақылау жөніндегі комиссияның мәжілісінде хаттама бекітіледі және ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық серіктестіктерде акциялардың мемлекеттік пакетін және үлестерін басқаруды реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 16 мамырдағы N 607 Қаулысының P960607_ 3-тармағына сай, байқау кеңестерінің мүшелігіне үміткерлердің тіркеміне енгізу үшін негіз болады.

17. Жазбаша сынақты табыспен тапсырған және кем дегенде 15 балл жинағандар "Байқау Кеңестерінің Мүшелігіне үміткер" - деген сертификат алады.

18. Оқуын бітірген және жазбаша сынақ тапсырмаған, не қажетті балл санын ала

алмаған адам жаңадан өтінім беріп, келесі топтың құрамында сынақ алудан қайта өтуі мүмкін.

Оқу бітірмеген және жазбаша сынақ тапсырмаған, қажетті балл санын ала алмаған адам жаңадан өтінім беріп, қажетті оқуды аяқтаған соң сынақ алудан қайта өтуі мүмкін.

19. Аттестациялық комиссияның шешімі шағымдануға жатпайды.

20. Нарықтық экономика жөніндегі "Арман" Халықаралық Орталығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен шарт негізінде аттестация ақысының мөлшерін және оны енгізудің жөнін реттейді.